




ДИНМУХАМЕД
ҚОНАЕВТЫҢ
ДАНАЛЫҚ
СӨЗДЕРІ



Қоладан
құйылған
ескерткіш
Тараз (2022)



АЛТЫН
кітап
Алматы (2022)



ДИНМУХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ ДАНАЛЫҚ СӨЗДЕРІ

Алматы
Абай институты
2023





Дінмұхамед Қонаев

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5Қаз)

Д 91

Д.А. Қонаев халықаралық қоғамдық қоры
Жамбыл облыстық бөлімшесі

Д.А. Қонаев атындағы Жамбыл облыстық
балалар мен жасөспірімдер кітапханасы

Бастамашылар

Қибат Асқарбеков, Д.А. Қонаев халықаралық қоғамдық қоры
Жамбыл облыстық бөлімшесінің төрағасы

Жапарбек Күздеубек, Д.А. Қонаев халықаралық қоғамдық қоры
Жамбыл облыстық бөлімшесінің кеңесшісі

Гүлфайруз Іңкәрбекова, Д.А. Қонаев атындағы Жамбыл облыстық
балалар мен жасөспірімдер кітапханасының директоры

Д 91

Дінмұхамед Қонаевтың даналық сөздері. – Алматы, 2023. – 55 бет.

ISBN 978-601-04-6493-3

Дінмұхамед Қонаевтың халқына, халқының өскен өркеніне арнаған ғибрат сөздері мен даналық ойларының танымдық маңызы үлкен. Д.А. Қонаев халықаралық қоғамдық қоры Жамбыл облыстық бөлімшесі Сіздерге қазақ халқының ұлы перзентінің осындай сөздері мен ойларының таңдамалы тобын ұсынып отыр.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5Қаз)

© Қонаев Д.А., 2023

© Д.А. Қонаев халықаралық қоғамдық қоры

Жамбыл облыстық бөлімшесі, 2023

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2023

ISBN 978-601-04-6493-3





Дінмұхамед Қонаев



БАРШАҢЫЗҒА БАҚЫТ
ТІЛЕЙМІН. АРАЙЛАП АТҚАН
ӘРБІР ТАҢ СІЗДЕРГЕ ҚУАНЫШ
ӘКЕЛСІН. АЛДЫМЫЗДАН АҚ
ЖАРЫЛҚАП КҮН ТҰА БЕРСІН,
АЙНАЛАЙЫН АҚПЕЙІЛ
ЖҰРТЫМ!





ДИНМУХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ

(12.01.1912 – 22.08.1993)



- О Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі Председателінің орынбасары (1942-1951)
- О Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті (1951-1955)
- О Қазақ КСР Министрлер Советінің Председателі (1955-1960, 1962-1964)
- О Қазақстан КП ОК Бірінші секретары (1960-1962, 1964-1986)
- О КОКП ОК Саяси Бюросының мүшесі (9.04.1971-28.01.1987)
- О 500-ден астам еңбектердің авторы
- О Үш мәрте Социалистік Еңбек Ері (1972, 1976, 1982)





Дінмұхамед Қонаев

- * *Менің кіндік қаным тамған жер - бұрынғы Верный, осы күнгі Алматы.*
- * *Ата бабам осы күнгі Қапшағай өңірінен Күрті өзенінің оң жақ жағалауын, негізінен Іленің сол қанатынан мына Құйғанға дейінгі жерді қоныс етіпті.*
- * *Бабаларымның ата жұртының аясы Шу бойымен өрлеп, Талас өзенінің төменгі тұсына дейінгі жерді алып жатыр.*
- * *Жамбыл облысының Талас, Мойынқұм аудандарын қамтып жатқан ұлан-ғайыр жер маған осындай ыстық көрінеді.*





Дінмұхамед Қонаев

- * Зады, сенімен бірдей барына сүйсініп, жоғына күйіне білетін басшыдан айналасың ғой. Ондай азаматтар қай заманда да жоқ емес.
- * Түсінбеген кісіге кешіріммен қарауға болар, бірақ түсініп тұрып түсінбейтін, біле тұрып жорта білмейтін аяр бастықтардан құдай сақтасын деп тілеңіз.
- * Ілгері басқан аяқты жіпсіз байлайтындар, сол арқылы өз мәртебесін асырып, үстемдігін арттырғысы келетіндер әр жерде-ақ төбе көрсетіп қалатыны қандай өкінішті.





Дінмұхамед Қонаев

- * Ақиқаттан аттауға болмайды.
- * Түбін білмеген түгін білмейді.
- * Қаны таза кісінің дені де, ділі де, тілі де сау.
- * Абыройдан ақ отау тіктім деген кісінің де пенделігі болады.
- * Ат-тоны бар кісіде Әзіретәлінің күші бар.
- * Бакка да бап керек, тәубе керек.
- * Жаксы адам - ел ырысы.





Дінмұхамед Қонаев

- * Адамның жақсы атынан гөрі жаманатына канку
сөз үйір келеді.
- * Ең басты ұстаз – тәжірибе.
- * Бір ұртынмен май шайнап, бір ұртынмен кан жұтуға
болмайды.
- * Ақиқатын айтамын деп адалдықтан аттау
келіспейді.
- * Жұмысшы ұжымында өмірдің ыстық-суығынан
өтпей, ел бастар ер бола алмасы анық.





Дінмұхамед Қонаев

* Атқа мінген әкімнің үзенгісін тең баспағанын бетіне
бассаң бас, бірақ тарихқа, тарихпен тағдырлас
халыққа қиянат жасама.

* Әрбір құрылыстың, кез келген саяси
қоғамның өз дұшпаны, өз сатқыны бар.

* Бастау көзі кандай тұнық болса, оның
етегіндегі су да сондай мөлдір.

* Адал адам жаладан мерт болмайды.





Дінмұхамед Қонаев

- * Кеудеден жан шықпай, ісінде тоқтау болмақ емес.
- * Адам табиғат алдында табынса табынар, бірақ онын күшінен асқан күдірет бар дегенге сенбеймін.
- * Ашылмай жатқан сыр, шешілмей жатқан жұмбақ іздегенге табылатын көрінеді.
- * Жердің үстімен келіп, астымен қайтқаннан асқан азап болмайды.
- * Таланттың қашанда алды жарық, жолы тар.





Дінмұхамед Қонаев

- * Жаксынын жаксылығын айтқаннан адам аласармайды.
- * Көптің аты - көп: өрге де сүйрейді, көрге де сүйрейді.
- * Жаксынын сөзі де жаксы, ісі де жаксы.
- * Орнын тауып сөйлеу – өнер.
- * Такырға тұқым сеппес болар.
- * Уакыт – ұлы төреші.





Дінмұхамед Қонаев

- * Айтқанын аяқсыз қалдырмай, іспен тиянақтап отыру да тағылым.
- * Ар-ожданмен төгілген адал терді таразылап, әділ бағасын беру – социалистік құрылыстың ұлы жеңісі.
- * Мұратты істер жолындағы құштарлық, құшпыныс – таптырмас қасиет.
- * Алтын тоның болса да, жаға менен жең керек.
- * Ұлы іс бірегей шешімді ғана күтеді.





Дінмұхамед Қонаев

* Күнделікті өмірде де, жұмыста да үш қасиетке арқа сүйедім:

- қарапайымдылық;
- адалдық;
- табандылық.

* Шығыстың екі даналығын жадымда ұсталым:

- ақылдан сабыр артық;
- теңдесі жоқ байлық — қанағат.

* Желіккен дау өршіп барып өшер.





Дінмұхамед Қонаев

- * Заман мойындатқан заңнан аттап кетпейміз.
- * Қоғам киген қамыт саған да ортақ.
- * Үрей ине үстіндегі өмірден жаман.
- * Ар-ожданына ақау түсіргісі келмеген адам иманын жолдас етеді.
- * Өмір өзгеріссіз тұрмайды.
- * Ел басшылары ерекше жағдайда болды... – бәрі бар. Ал мұнын бір ғана өтемі бар еді. Ол - халық үшін қалтқысыз еңбек ету.





Дінмұхамед Қонаев

- * Біздің өміріміздің алтын дінгегі, күре тамыры, жаны мен қаны – ауыл шаруашылығы.
- * Өнім өндірмей, халық тұтынатын тауарларды көбейтпей өрге басамыз, өркениетті ел боламыз деу қиын.
- * Ел басында отырған кісіге жұмыстың үлкен- кішісі болмайды. Қашанда шекара күзеткен сақшыдай қырағылық қажет.





Дінмұхамед Қонаев

- * Ұяттан өлмес үшін енбек еттік.
- * Істің мүддесінен қара басының «беделін» биік санайтын тоғышар жандар жүргізген жиындар босқа атылған окпен бірдей.
- * Өткенге сын көзбен қараймыз деп, алдыңғы толқынның адал еңбегін жоққа шығаруға ұмтылған жымысқы ойдың жетегіндегілер жоқ емес.





Дінмұхамед Қонаев

- * Той-томалақ - тоқтықта, оның жөні бір басқа, ал рухани аштық бел алды дегенше, ұрпақтың азғындағаны дей бер.
- * Тірі жан бас пайдасынан асырып ештеңе бермейді.
- * Экономикалық анархия халықтың тұрмысын төмендетіп қана қоймай, жаңарған, жасарған демократияны жөргегінде тұншықтыру қаупін төндіреді.





Дінмұхамед Қонаев

- * Жоспарлы экономикасыз даму қалың орман ішінде
компассыз, картасыз жүрумен бірдей және оны бірде-
бір өркениетті ел жокқа шығарған емес.
- * Кешегі кереметке бүгін ешкім таңданбайды.
- * Қарапайым халықтан асып қадіріңе жетер ешкім
жоқ па делім.
- * Мына тіршіліктің мәні болашаққа қалдырған мұ
ранның мәніне байланысты.





Дінмұхамед Қонаев

- * Ел іші асыл қазына: жақсы да, жайсаң да сол ел арасынан шығады.
- * Қанмен дарығанды қасиеттемесең, кадірін болмайды.
- * Өнер де тәрбиені сүйеді.
- * Оқи жүрмесең, тоқығаныңды ұмытып каласың.
- * Жүректегі мұзды жылы сөз жібітеді.





Дінмұхамед Қонаев

- * Ішкі байлам нық болса, өзгенін уәжі бүйім емес.
- * Адам ертеңге деген сенімнен айырылған кезде, қара бастың қамынан аса алмас хал кешеді.
- * Жұмыс істей білген кісіге жеңіл шаруа жок.
- * Елді ерте білген мықты емес, ерді пана тұтып, сенім арта білген ел мықты.
- * Оқ иіліп сынбайды.





Дінмұхамед Қонаев

- * Экономикалық астан-кестен кезде шетелдік инвестицияға малдану тумаған тушаның ұызына күпті болумен бірдей.
- * Өзін өркениетті ел санатына қосатын бірде-бір мемлекетте дәл біздегідей жабайы «бизнес» жок.
- * Отан, туған жер деген ұлы сезім оған деген құрметтен басталады.
- * Ата-баба аруағын сыйлау – ертеңіңе деген сенімді жоғалтпау.





Дінмұхамед Қонаев

- * Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау,
үйретуден аянбау.
- * Жаның қаламаған іске қолын бармайды.
- * Таным артып, талғам өскен сайын дүниеге
деген көзқарас ауан ала бастайды.
- * Күдік пен үміт арпалысқан тұста елге
сенбеске, ел ішінде серке-жігіттерге сенбеске
болмайды.





Дінмұхамед Қонаев

- * Көргені жақсы ғана көңілдегідей іс тындырады.
- * Мақтау мен даттау екінің бірінің қолынан келеді.
- * Әңгіме байлықта емес, барлықта.
- * Адамға өзі сүйген ісінің сүйінішін сезінуден асқан бақыт жоқ.
- * Жаксылықты көре білген кісі жамандық атаулыға төзімсіз болады.
- * Адамды ісінде ғана таны.





Дінмұхамед Қонаев

- * Жігіттің сөзі өлгенше, өзі өлсін.
- * Қайырлы істі жеделдетпесең, сайтан араласады.
- * Ынта болса, ықыласты болса, адам алмас асу жоқ.
- * Адам рухы дегенде шек жоқ.
- * Әркім өзі жүрген жеріне өшпес із қалдырып отырса, көктен іздеген жұмақты қолмен жасаған болар едік-ау.
- * Жақсы кітап - бір ғұмыр.





Дінмұхамед Қонаев

- * Қайрақсыз пышак өткір болмайды.
- * Ел іші болған соң жүрегіне түк байлаған ер де табылады, жауын жаумай су-су боп жнретін ез де табылады.
- * Батыр жауда танылса, бейнетшіл кісі істе танылады.
- * Біреудін айтканымен жүріп, айдауына көнуден асқан бейшаралық бар ма.
- * Ережеден өнеге артық.





Дінмұхамед Қонаев

- * Көптен асамын деп тасуға болмайды, көпті жасытамын деп жәбірге баруға да болмайды.
- * Көптің мінезі сәуірдің бұлтындай.
- * Бос қиялдан гөрі еңбегіңе сен, тәуекелдің төресі – сол: тауға да шығарады, дауылдан да алып өтеді.
- * Үміттің аяқ асты болғанынан артық қорлық жоқ.
- * Рухани байлықтың анасы – еңбек.





Дінмұхамед Қонаев

- * Қадірін қызметтін үлкен-кішісінде емес, не тындырып, не қойғанында.
- * Әр кәсіптің өз қиындығы мен қызығы бар. Өңгіме соның игілігін көруде.
- * Адам өрге кезіккенше еңістің қадірін білмейді.
- * Менің алға қойған басты мақсатым – адамдарға жанашыр болу, қол ұшын беру.
- * Бітімі қисық ағаштын көленкесі де өзіндей.





Дінмұхамед Қонаев

Мен мұрат тұтқан бес сипат

- О а) біреуге тіл тигізуден сактану;
- О ә) әдептілік;
- О б) өзін өзгеге кндіктенбе, өзге өзіне күдіктенбесін;
- О в) не істесең де зеректікпен тындыра біл, аяғына жеткізе біл;
- О г) өз басыңа тілемейтін істі біреуге істеме.





Дінмұхамед Қонаев

- О Көрші ақысы – барынды бөлісіп, жоғына ортактасу.
- О Қайратсыз адамның айбаты зая.
- О Қиюы қашқан кезде тірліктен береке болмайды.
- О Қария қартайғанын мойындаса, жігіттің ері мойнына кетеді.
- О Сүрлеу жолсыз соқпак жоқ.





Дінмұхамед Қонаев

- Жаксынын жаксылығын көре білу бар да, оны айта жүрі, үлгі ете білу бар.
- Иман жиям десең, пиғылынды таза ұста.
- Қиянаттан асқан қылмыс болмайды.
- Қуана білу, қуанта білу де бакыт.
- Жауапкершілікті арымен сезінбеген кісiде береке болмайды.





Дінмұхамед Қонаев

- * Адам аласынан сөз аласы жаман.
- * Заман тыныш болса, адам мұраты – өсіп-өну.
- * Асығыс, сауатсыз шешім шап етектен шығын әкеледі.
- * Жаксының жаксылығын айту ізгі жанның нұрын тасытып қана қоймайды, адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жакындастырады.
- * Рухы биік адамның жаны да таза, ділі де таза.
- * Танауын көтерген таска соғылар.





Дінмұхамед Қонаев

- * Адам аласынан сөз аласы жаман.
- * Заман тыныш болса, адам мұраты – өсіп-өну.
- * Асығыс, сауатсыз шешім шаш етектен шығын әкеледі.
- * Жаксынын жаксылығын айту ізгі жанның нұрын тасытып қана қоймайды, адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жакындастырады.
- * Рухы биік адамның жаны да таза, ділі де таза.
- * Танауын көтерген тасқа соғылар.





Дінмұхамед Қонаев

- О Қоғамдық құрылыстың озық үлгілерін
дамытудан ұтпасак, ұтылмаймыз.
- О Құр кедемсоқтық – өз сорың.
- О Максат-мүддесі ортақ жандар қайғыда да,
қуанышта да бірге.
- О «Мен» деп айта алатын, «Менің елім», «Менің
жерім» деп мақтаныш сезімге бөленетін ұрпақтың
көкірек көзін оятар жол ізде.





Дінмұхамед Қонаев

- Қай нәрсенің болса да екі ұшы бар: жақсылық пен жамандық; қуаныш пен қайғы; ақ пен кара; адалдық пен арамдық.
- Қызыл қырман сапырып отырып, көрінгенге алақан жайған – ұят.
- Бермесінді тартып аламын деп шіренбе, Құдай беріп тұрған нәсіптен айырылып калма.
- Таудай тақсірет тартқанға тарыдай қуаныш та жұбаньш.





Дінмұхамед Қонаев

- О Жаксы елімнің тамағы тоқ, көйлегі көк болсын,
іргесі сөгілмей, бауыры бүтін болсын дейді.
- О Көңілшекті қошамет қор етеді.
- О Мен мына тіршілікте өзіме де, өзгеге де Құдай
кездейсоғынан сақтасын деп тілеймін.
- О Бар мәселе әрдайым байыппен шешіле
бермейді, әсіресе, ен жоғарғы деңгейде...
- О Адамзат баласы рухынды байытар кітаптан
басқа құрал тапқан жоқ.





Дінмұхамед Қонаев

- О Өмір - өзен. Асып та, тасып та жатады.
Сабасына түсіп, бір калыппен де ағады. Бірақ
онда тоқтау жоқ.
- О Басшы үшін таптырмас бір қасиет бар. Ол -
енбекшілердің көңіл-күйін, тұрмыс-жайын,
тіршілік-камын тамыршыдай тап басып, біліп
отыру.
- О Кімнің де болса Құдайдан бір үміті бар.





Дінмұхамед Қонаев

- О Шашама шан жұқтырмаймын деп шалкақтаған жал-күйрыктан коса жұрдай болады.
- О Бар мәселе - істе. Тіс шұқып отырып ақыл айту екінің бірінің колынан келеді.
- О Жетекші өзінің қызмет саласындағы бар істі бүге-шігесіне дейін білуге тиіс.
- О Елдің үлкен-кішісі болмайды.
- О Өнерге, білімге, ізгілікке ұмтылсақ кана көсеге көгеріп, көрпе ұлғаймақ.





Дінмұхамед Қонаев

- О Халық тәжірибесі – барша білімнің қайнар көзі.
- О Ішіне құла сақтаған кісі қанша жылы шырай
байқатқысы келгенмен, не қабағы ашылмайды, не
сөзі қабыспайды.
- О Біз ізгілік үшін күрессек те, өмір кіл
жақсылықтан тұрмайды.
- О Әр заманның өз әні, өз сәні бар.
- О Тағдырың кыл үстінде тұрып та ертеңге
үмітпен карайсың.





Дінмұхамед Қонаев

- О Өмір ақ пен қараның, қайғы мен қуаныштың, сүйініш пен күйініштің текетіресуімен қызық, кактығысуымен мәнді.
- О Қолы ұзын кісінің қоразы жұмыртқа табалды.
- О Көзбен көрген - анық, құлақпен естіген – танық.
- О Жан дос, адал іні, ер азамат сен құрлымға батып бара жатқан тұста танылады.
- О Адамның дегені бола бермейді.





Дінмұхамед Қонаев

- О Өмір деген - бес күндік: аккан жұлыздай зу етіп өте шығалы.
- О Басыңнан бақ ауса, алпыс күн тасыған дария алты күнге жетпей таусылады.
- О Еңбектегі ерлік – ол уақыт тамырын дәл басып, баршаға ортақ мүдделі іске жаны ауырған адамның үлгі-өнегесі.
- О Елге сылдыр сөзіннен гөрі ісін керек.





Дінмұхамед Қонаев

- О Атаның ұлы ер жігітке арту-арту бел келеді, бел асам деп білек сыбанған сын шақта оқтан қатты сөз келеді.
- О Ақыл тезін алға салған адам ашық айтса да, ашынып, ауыр айтпайды.
- О Жаркылдағанның бәрі алтын емес, жалпақтағанның бәрі жанапшыр емес.
- О Қатыгездікте шек болмайды.





Дінмұхамед Қонаев

- О Жалған дүниеде үш арсыз тірліктен - арзан күлкіден, бойкүйез ұйқыдан, жеңіл олжадан - бойымды аулақ салғаныма іштей тәубе дедім.
- О Ақылы қысқа, ойы келте жанды дос санап, сырымды ашқан жерім жоқ.
- О Дүниеде жақсыға жаманның айғақ болғанынан ауыр азап жоқ.
- О Тілден бал да, зәр де тамады.
- О Бірлігіне бекем бол.





Дінмұхамед Қонаев

- О Бірдің емес, бүкіл елдің сөзін сөйлер артық
туған ақындары бар елден бақытты ел жоқ.
- О Жөн сөзге тоқтамау – арсыздық.
- О Ізгі мұрат жолында аянбай тер төктім,
ешкімнің ала жібін аттағаным жоқ, ғайбат
сөзден бойымды аулақ салдым.
- О Тажалдан ажалсыз ғана құтылады.
- О Әділдік үлкенге де, кішіге де ортақ.





Дінмұхамед Қонаев

- Ине сабақтаған ісмерден үй салып жатқан құрылысшыға дейін қойылатын бір-ақ талап бар: ол – жауапкершілік.
- Арнасы өзгермейтін өзен болмайды.
- Әрбір істің өзіне лайық мезгілі болады, мезгілсіз іс көңіллегіндей болып шықпайды.
- Елдің тоқтығы үшін тер төккен дала ерлерінің жоқшысы болу – кімге де болса парыз.





Дінмұхамед Қонаев

- О Халық пен халық, ұлт пен ұлт, ұлыс пен ұлыс
бір-бірінің жаксылығын көре білгенде
ғана ынтымағы артады, достық деген сөз шынайы
мәнге ие болады.
- О Пиғылы теріс, ниеті бұзық адам ғана
касындағысын карактайды.
- О Дүниені бүтіндейтін де - сөз, бүлдіретін де – сөз.
- О Қиындықсыз іс тынбайды.





Дінмұхамед Қонаев

- О Төрткүл дүниенің тілін білетін, көпті көрген, өмірлік тәжірибесі мол азаматпен әрбір кездесуің - бір өмір.
- О Халықтың маңдай терімен жасалғанның бәрін көзсіз талан-таражға салуға болмайды. Неден бас тартып, неге ұмыту қажеттігін белгілеп алмай, ұлы көшті ұзақ жолға алып шығуға болмайды.
- О Бар пәле істің көзін таппай, босқа арам тер болуда.





Дінмұхамед Қонаев

- О Қара басынын камын күйттеген кісі
басканың бакытты болғанын каламайды.
- О Қайырымы жоқтың кәдірі болмайды.
- О Тірілер өлгендердің көзін жабады, ал
өлгендер тірілердің көзін ашады.
- О Олжылықты айтамын деп орынсыз
каралауға бару – тарихка күйе жағу.
- О Тірі пенде қара басына қастандық
ойламайды.





Дінмұхамед Қонаев

- О Істің піні келейін десе, табан астында.
- О Әр тойдың қайталанбас қуанышы,
таусылмас қызығы бар.
- О Биік мансапты жігіттің жігіті көтереді.
- О Шындыққа тура қарау үшін де азаматтық
керек.
- О Еліннің, жеріннің мүдесі сенін кісілігіннен де
биік.





Дінмұхамед Қонаев

- О Ізгілікке іштарлық жүрмейді.
- О Арам шөп араласқан жерде берекелі өнім болмайды.
- О Жақсылықты да, ізгілікті де жаттан іздемелік, өзімізге өзіміз сенейік, өз күшімізге, адал ақы, маңдай терімізге сенелік.
- О Биікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпалым.
- О Аялай білген халқым жұбата да білді.





Дінмұхамед Қонаев

Менін замандастарымның ерекшеліктері:

- О* олардың болашаққа деген сенімі зор еді;
- О* осы сенім ғана ұлы істерді жүзеге асыру барысындағы небір ауыр қиындықтардан алып шықты;
- О* олар қоғам тірлігін қара басының қамынан жоғары қойды;
- О* ар-ожданмен төгілген адал терді таразылап, әділ бағасын беру.





Дінмұхамед Қонаев

Менің замандастарымның ерекшеліктері:
О алға қойған мақсатымыздың айқындығына,
позициямыздың беріктігіне еш күмәніміз жоқ еді;
О партия аманатын адал атқардық;
О бар күш-жігерімізбен еңбек еттік;
О жауапкершіліктен қашпадық;
О үлкен-кіші де, жақсы-жаман да әділеттің
құлы.





Дінмұхамед Қонаев

Айналайын ақпейіл жұртым

* Қалтқысыз қызмет етуге, аманатыңа адал болуға, адам баласына қиянат жасамауға, ала жіптен аттамауға тырыстым. Соңғы демім таусылғанша, алақаны аялы, жаны саялы елім, саған, алтын бесігім-жерім, саған қызмет етуден танбаймын.

* Менің жан баласына өкпем жоқ. Ал менде кеткен өкпе, реніш, наз болса, ақ басымды иіп, мың қайтара кешірім сұраймын.

* Тағы да баршаңызға бақыт тілеймін. Арайлап атқан әрбір таң сіздерге қуаныш әкелсін. Алдымыздан ақ жарылқап күн туа берсін, айналайын ақпейіл жұртым!

1993 жылдың сәуірі



**Дінмұхамед Қонаевтың
даналық сөздері**

Жұмыс тобы

Бөлімше төрағасы Қибат Асқарбеков

Идея авторы Жапарбек Күздеубеков

Кеңесшілер: Лесбек Егембердиев

Көсемәлі Сәттібайұлы

Құрастырушы Жанғара Дәдебаев

Көркем безендірушілер: Гауһар Қырқымбаева

Бекзат Нұрланқызы



**ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ
ДАНАЛЫҚ СӨЗДЕРІ**

Абай институтының
электрондық басылымдары
5-том

Компьютерде беттегендер: Л. Мұсалы, Б. Даутова
Мұқабасын безендірген А. Кенжеқожаева

АБ №5
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

